

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы  
мемлекеттік нормативтер**

---

**Государственные нормативы в области архитектуры,  
градостроительства и строительства**

**Қозғалыс жылдамдығы 2 м/с-тен 4 м/с дейінгі жүк-  
жолаушылар лифттерін іске қосу-жөндеу жұмыстарын  
жүргізуге арналған**

**ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА**

---

**ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА**

**на производство пусконаладочных работ по  
грузопассажирским лифтам со скоростью движения от  
2 до 4 м/с**

**ҚР СНТК 8.07-06-2015  
ТКСН РК 8.07-06-2015**

**Ресми басылым  
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс,  
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын  
басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и  
управления земельными ресурсами Министерства национальной  
экономики Республики Казахстан**

**Астана 2015**

**ҚР СНТК 8.07-06-2015. Технологиялық карта**  
**ТКСН РК 8.07-06-2015. Технологическая карта**

---

**АЛҒЫ СӨЗ**

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ
- 2. ҰСЫНҒАН** Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (ҚР ҰЭМ) Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері және жер ресурстарын басқару комитеті
- 3. ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ** Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (ҚР ҰЭМ) Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері (ТКШ) және жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының 2015 жылғы 2 қарашадағы №358-НҚ бұйрығымен
- 4. ОРНЫНА** алғашқы рет

**Предисловие**

- 1. РАЗРАБОТАНЫ** АО «КазНИИСА»
- 2. ПРЕДСТАВЛЕНЫ** Комитетом по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) и управления земельными ресурсами (УЗР) Министерства национальной экономики Республики Казахстан (МНЭ РК)
- 3. ПРИНЯТЫ И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ** Приказом Председателя Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) и управления земельными ресурсами (УЗР) Министерства национальной экономики Республики Казахстан (МНЭ РК) от 2 ноября 2015 года № 358-НҚ
- 4. ВЗАМЕН** впервые

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

**Мазмұны**

1 Жалпы ережелер.....	1
2 Қолдану саласы .....	1
3 Нормативтік сілтемелер .....	2
4 Жұмыстарды жүргізу технологиясы және ұйымдастыру .....	3
5 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік.....	19
6 Жұмыс сапасына қойылатын талаптар .....	22
7 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау .....	24
8 Калькуляция және еңбек шығындарын нормалау .....	28

**БЕЛГІ ҮШІН  
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

---

## ҚОЗҒАЛУ ЖЫЛДАМДЫҒЫ 2 ДЕН 4 м/с ДЕЙІНГІ ЖҮК ЖОЛАУШЫЛАР ЛИФТІЛЕРІН ІСКЕ ҚОСУ МЕН ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

Қолданысқа енгізу күні 2015-11-02

### 1 Жалпы ережелер

1.1 Қозғалу жылдамдығы 2 ден 4 м/с дейінгі жүк жолаушылар лифтілерін іске қосу мен жөндеу жұмыстарын жүргізудің технологиялық картасы қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілердің (НҚА), нормативтік-техникалық құжаттардың (НТК) талаптарына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының құрылыс объектілерінде қолдануға арналған.

1.2 Технологиялық карта құрылысты құрылыс жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру, технологиясы және механизациясы бойынша оңтайлы шешімдермен қамтамасыз етуге арналған.

1.3 Технологиялық картада қозғалу жылдамдығы 4 м/с дейінгі жүк жолаушылар лифтілерін іске қосу мен жөндеу жұмыстарын жүргізу процесі қаралады.

1.4 Технологиялық картада мыналар келтірілген:

- қолдану саласы
- нормативтік сілтемелер
- негізгі пайдаланылатын материалдардың сипаттамасы
- ұйымдастыру және жұмысты жүргізу технологиясы
- материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік
- жұмыс сапасына қойылатын талаптар
- қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау
- еңбек шығындарын калькуляциялау және нормалау.

1.5 Осы технологиялық картада еңбек режимі жұмыс орнын тиімді ұйымдастыру кезінде еңбек процесін орындаудың оңтайлы ырғағы, еңбек бөлінісі, жетілдірілген саймандар мен құрал-жабдықтарды ескере отырып жұмыс бригадаларының міндеттерін айқын бөлу шарттарынан қабылданған.

### 2 Қолдану саласы

2.1 Қозғалу жылдамдығы 4 м/с дейінгі жүк жолаушылар лифтілерін іске қосу мен жөндеу жұмыстарын жүргізудің аталған технологиялық картасы жұмыс режиміне шығару және пайдалану жүйесінің дайындығын айқындау мақсатында лифтілердің өзара байланысы мен өзара әрекетінің барлық жүйелерін реттеу мен баптауды орындауды көздейді.

2.2 Аталған технологиялық картада қаралатын жұмыстар құрамына мыналар кіреді:

*а) дайындық жұмыстары;*

*б) іске қосу жұмыстары:*

- оларды монтаждау аяқталғаннан кейін лифтінің жекелеген тораптарын автономды іске қосу,

- жүк жолаушылар лифтіні кешенді іске қосу және жүргізіп бейімдеу.

*в) қорытынды жұмыстар.*

2.3 Қозғалу жылдамдығы 2 ден 4 м/с дейінгі жүк жолаушылар лифтілерін іске қосу мен жөндеу жұмыстарын жүргізу кезіндегі жұмыс ауысымдарының сандары ҚР ҚН 1.03-00, ҚР ҚНжЕ 1.03-05, ҚР ҚНжЕ 2.02-05, ҚР ҚНжЕ 2.02-15, ВҚН 25.09.67, жұмыстарды жүргізу жобасының және осы технологиялық картаның талаптарына сәйкес қабылданады.

2.4 Технологиялық картаны байланыстыру кезінде жұмыстар құрамын, механикаландыру құралдарын, еңбек және материалдық-техникалық ресурстарға қажеттіліктерді нақтылау, сапаны бақылау, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша шараларды түзету қажет.

2.5 Осы технологиялық картаны қолдану кезінде ағымдағы жылға жасалған, сондай-ақ ағымдағы жылы жарияланған тиісті ақпараттық көрсеткіштер бойынша күшіне енген НҚА және НТҚ, Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс салаларында қолданылатын нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік-техникалық құжаттар тізбесі бойынша НҚА және НТҚ қолданыстарын тексеру қажет.

Егер сілтеме НҚА және НТҚ ауыстырылса (өзгертілсе), онда бұл технологиялық картаны қолдану барысында ауыстырылған (өзгертілген) НҚА НТҚ басшылыққа алған жөн.

Егер оларға сілтеме жасалған НҚА және НТҚ ауыстырылмай жойылған болса, онда сілтеме жасалған ережелер бұл сілтемемен қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

### 3 Нормативтік сілтемелер

Бұл технологиялық картада төмендегі нормативтік-техникалық құжаттарға (НТҚ) және өзге де құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

«Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 1077 қаулысы.

«Лифтілердің қауіпсіздігіне қойылатын техникалық талаптар» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 3 наурыздағы № 172 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24.10.2012 ж. № 1355 қаулысы.

ҚР ҚНЖЕ 1.03-05-2001	Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы
ҚР ҚНЖЕ 1.03-06-2002*	Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындар, ғимараттар мен үй-жайлар құрылысын ұйымдастыру
ҚР ҚНЖЕ 2.02-05-2009	Ғимараттар мен үй-жайлардағы өрт қауіпсіздігі
ҚР ҚНЖЕ 5.03-37-2005	Салмақ түсетін және қоршау конструкциялары
МЕМСТ 12.1.004-91	ССБТ. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар
МЕМСТ 12.1.013-78	ССБТ. Құрылысы. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар
МЕМСТ 12.1.046-2002	Құрылыс. Құрылыс алаңдарын жарықтандыру нормалары
МЕМСТ 12.4.087-84	ССБТ. Құрылыс. Құрылыс каскалары. Техникалық талаптар
МЕМСТ 12.4.089-86	ССБТ. Құрылыс. Сақтық белдіктері. Жалпы техникалық талаптар
МЕМСТ 12.4.107-82	ССБТ. Құрылыс. Сақтық арқандары. Жалпы техникалық талаптар
МЕМСТ 9416-83	Құрылыс деңгейлері. Техникалық талаптар
МЕМСТ 11042-90	Болат құрылыс балғалары. Техникалық талаптар
МЕМСТ 22845-85	Жолаушы және жүк электрлі лифтілері. Монтаждау жұмыстарын ұйымдастыру, жүргізу және қабылдау қағидалары

MEMCT 23407-78	Құрылыс алаңдарын және құрылыс-монтаждау жұмыстары учаскелерінің инвентарлы қоршаулары. Техникалық талаптар
MEMCT 25573-82*	Құрылысқа арналған жүк көтергіш арқан жіптері. Техникалық талаптар
MEMCT 26433.1-89	Құрылыстағы геометриялық өлшемдердің дәлдігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшемдерді орындау қағидалары. Зауыттың дайындау элементтері
MEMCT 26433.2-94	Құрылыстағы геометриялық өлшемдердің дәлдігін қамтамасыз ету жүйесі. Ғимараттар мен үй-жайлардың өлшемдерін орындау қағидалары.
MEMCT 26887-86	Құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған алаңдар мен баспалдақтар. Жалпы техникалық талаптар

#### 4 Жұмыстарды жүргізу технологиясы және ұйымдастыру

4.1. Қозғалу жылдамдығы 4 м/с дейінгі жылдам қозғалатын жүк жолаушылар лифтілерін іске қосу мен жөндеу жұмыстары ҚР ҚНЖЕ 1.03-06, бекітілген ұйымдастыру-технологиялық құжаттаманың, ҚҰЖ, ЖЖЖ және осы технологиялық картаның талаптарына сәйкес орындалады.

4.1.1 Қозғалу жылдамдығы 4 м/с дейінгі жылдам қозғалатын жүк жолаушылар лифтілерін іске қосу мен жөндеу жұмыстары басталғанға дейін мыналарды орындау қажет:

- жұмыстарды жүргізуге жауаптыны тағайындау;
- жұмысшыларды және ИТҚ жобаның жұмыс сызбаларымен, құрылысты ұйымдастыру жобасымен (ҚҰЖ), жұмысты жүргізу жобасымен (ЖЖЖ) және осы технологиялық картамен таныстыру;
- қауіптілігі жоғары жұмыстарды орындауға наряд-рұқсат алу;
- қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау, электр және өрт қауіпсіздігі нұсқаулықтары бойынша нұсқаулық өткізуді тіркеу журналында жұмысшылардың қолдарын қоя отыра мақсатты нұсқаулық өткізу;
- ИТҚ және жұмысшыларды MEMCT 12.4.011 бойынша арнайы киіммен және басқа да жеке қорғаныш құралдарымен, MEMCT 12.4.087 бойынша қорғаныш каскасымен қамтамасыз ету;
- жұмыс жобасына және ҚР ҚНЖЕ 1.03.06, ҚР ҚНЖЕ 5.03-37 талаптарына сәйкес жылдам қозғалатын лифтіні іске қосу мен жөндеу жұмыстарына дейінгі жұмыстарды аяқтау;
- жұмысқа дайындау және белгіленген тәртіппен икемдегіштер мен құрал саймандардың дайындығын тексеру;
- санитарлық-тұрмыстық үй-жай, шеберхана мен жабдықтарды уақытша сақтау қоймалары үшін үй-жай бөлу;
- жөндеушілер бригадасын саймандар жиынтығымен, монтаждау икемдегішімен және бақылау-өлшегіш аспаптармен жаратқандыру;
- монтаждалған лифт лифт жабдығын монтаждаудың және электр сымына техникалық құжаттамаға сәйкес дұрыс қосылғандығын айқындау мақсатында сынап тексерілуі тиіс.
- лифтіні сынақтан өткізу процесінде микроэлектроника блоктарында ақау анықталған жағдайда дайындаушы-кәсіпорынның техникалық құжаттамасын ескере отырып әрекет жасау ұсынылады.
- монтаждалған лифт жабдығының іске қосу жұмыстарын жүргізуге дайындығы белгіленген тәртіппен акт жасай отыра ресімделген болуы тиіс.

Лифтінің жұмысқа қабілеттілігін реттеу және тексеру, олардың тораптарының, тетіктері мен электр жабдықтарының өзара іс-әрекеті лифтіні басқару құрылғысына қоса берілетін «Пайдалану бойынша нұсқаулықтың» талаптарына толық сәйкестікте орындалуы тиіс.

Іске қосу мен жөндеу жұмыстары мыналарды қамтиды:

- лифт жабдығының жұмысын күш түсіре отыра аппаратура жұмысының өлшемдерін реттей отыра сынап көру;
- лифтінің немесе лифтілер тобының сандық және сапалық көрсеткіштер бойынша актоматты жұмыс режимдерін іске қосу.

Шахтада орналасқан жабдықты іске-қосу жөндеу жұмыстары лифт кабинасының төбесінен жүргізіледі.

Жабдықты іске қосу мен жөндеу жұмыстарын орындау кезінде лифт дайындаушының техникалық құжаттамасында регламенттелген саңылауларды өлшем жүргізіледі. Бұл ретте барлық блоктағыш және қорғаныш құралдарының жұмысының сенімділігіне, атап айтқанда мыналарға айрықша назар аудару қажет:

- командалардың орындалуының дұрыстығы,
- барлық қабаттарға тоқтаудың дәлдігі.

Кабинаның тоқтауының дәлдігін іске қосу кабинаны екі бағытта да жүкпен және жүксіз жүргізіп тексеру арқылы жүргізіледі.


4.1.2 Жылдам қозғалатын лифтілерді іске қосу мен жөндеу жұмыстарын мына құрамдағы звено орындайды:

- 1 санатты инженер (Ин 1)– 1 адам;
- 6 санаттағы электр көтергіштерді (лифтілерді) баптаушы (Н1) – 1 адам;
- 5 санаттағы электр көтергіштерді (лифтілерді) баптаушы (Н2) – 1 адам.

Электр жабдықтарымен жұмыс жасайтындар электр қауіпсіздігі бойынша II біліктілік тобына ие болуы тиіс.

Жылдам қозғалатын лифт шахтасының жалпы көрінісі 1-суретте келтірілген.





1-сурет – Жылдам қозғалатын лифт шахтасының жалпы көрінісі

#### 4.2 Жұмыстарды жүргізу технологиясы

Іске қосу мен жөндеу жұмыстары дайындаушы-зауыттың электрқозғалтқышы мен автоматикасының нұсқаулығы мен сипаттамасына сәйкес келесі технологиялық кезектілікпен орындалады:

а) дайындық жұмыстары;

- механико-монтаждау бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау.

б) негізгі жұмыстар:

- кабина бойынша жөндеу жұмыстары;
- лифт шахтасының батыңқысындағы жөндеу жұмыстары;
- машина үй-жайындағы жабдықты жөндеу жұмыстары;
- лифт шахтасындағы жөндеу жұмыстары;
- қабаттардағы жөндеу жұмыстары;
- кабина мен еңсеру күшін түзету;

- басқару станциясын тестілік тексеру;
- в) қорытынды жұмыстар*
- лифтіні қосу.

#### **4.2.1 Дайындық жұмыстары**

Инженерлік-техникалық қызметкерден тапсырманы алып, жұмыс жобасымен, жұмысты жүргізу жобасымен және осы технологиялық картамен танысқаннан кейін жөндеушілер звеносы қажетті саймандарды, икемдегіштерді, сондай-ақ жеке қорғаныш құралдарын алады.

Дайындық жұмыстарына мыналар кіреді:

- лифтіні дайындаушы-зауыттың техникалық құжаттамасымен танысу;
- жабдықты қарау және дайындау, монтаждау кемшіліктерін және орындалған жалғастырулардың сапасын анықтау;
- ЖІЖ арналған қажетті саймандар мен құралдарды жиынтықтау;
- жұмыс орнын дайындау.

Лифтімен бірге ұсынылатын құжаттама жиынтығына, сондай-ақ әрбір лифтінің паспортына принципті электрлік схема кіреді, онда лифтіде бар электр жабдықтары мен электр аппаратураларының барлық элементтері көрсетілген, сондай-ақ олардың арасындағы өзара байланыс айқындалған. Схема лифтінің электрлі схемасының жұмыс принципі түсінуге, оны жөндеуге, оның жұмысындағы ақауды айқындауға мүмкіндік береді.

#### **4.2.2 Негізгі жұмыстар**

Іске қосу жұмыстарын электр қозғалтқыш орамасының, трансформаторлардың және барлық электр шынжырларының қарсыласу орамдарын өлшеуден, сондай-ақ қажет болған жағдайда автоматты ажыратқыштарды тексеру және сынаудан бастайды.

Автоматтардың іске қосылуын сынақтан өткізгеннен кейін барлық электр шынжырларындағы кернеулерді өлшеу жүргізіледі: күштік, басқару, жарық және дабыл.

Электр шынжырларын өлшеуді жүргізгеннен кейін басқару станциясында, шахтада және лифт кабинасында орнатылған электр аппаратураларын тексеруді және баптауды жүргізеді.

Лифтінің механикасын реттеуді, лифт кабинасына диагностика және теңдестіруді жүргізеді.

Жерлестіруді орнату бойынша барлық жұмыстарды орындағаннан кейін жерлестірудің кірген жері мен жабдықтардың барлық жерлестірілген элементтері арасында шынжырлардың тұтастығын тексереді.

Өлшеулер мен сынаулар нәтижесін актілермен ресімдейді.

Басқару станциясында орналасқан кнопкалық постан лифтіні номиналды жылдамдықпен іске қоса отыра (0,4м/с) шеткі қабаттардағы лифтіні баяулатуды ақырғы ажыратулардың жұмысын тексереді. Баяулатудың ақырғы ажыратқыштары кабинаның шеткі жоғарғы және шеткі төменгі аялдамаларына 200 мм артық емес өткен кезде іске қосылуы тиіс. Шеткі жоғарғы және шеткі төменгі аялдамалардағы ақырғы ажыратулардың саны дайындаушы зауытпен айқындалады.

Жобамен көзделген сипаттамаларға қол жеткізу мақсатында лифтінің барлық функционалдық тораптарын іске қосу мен жөндеуге мыналар кіреді:

- бұйрықтар мен шақырулар бойынша кабина қозғалысының бағытын таңдау;
- баяулау режимі;
- нақты тоқтау;
- жол-жөнекей шақыруларды анықтау;
- автоматты есіктер жұмысы;

- жұптық немесе топтық жұмыс.

Пайдалану талаптарына байланысты лифт жұмысының келесі режимі бөліп қарастырылады

- ревизия;
- машина үй-жайынан жұмыс;
- қалыпты жұмыс;
- тиеу,
- қарбалас сәттерде жұмыс;
- іске қосу мен жөндеу.

Лифтілердің жұмыс режимдері 1-кестеде келтірілген.

1-кесте – Лифтілер жұмысының кестелері

<i>Лифтінің жұмыс режимдері</i>	<i>Лифтінің нысаналы мақсаты</i>
Ревизия режимі (кабинаның төбесінен басқару)	
Машиналық үй-жайдан басқару режимі	
Қалыпты жұмыс режимі	
Кабинадан басқару және кабинетті кез келген қабатқа шақыру	Жүк жолаушылар лифтілері Q= 1,15тн-дан 1.6тн дейін, V= 4м/с дейін
Кабинадан басқару, кабинетті кез келген қабатқа шақыру, кабина төмен қозғалған кезде жол-жөнекей шақыруларды орындау	Жүк жолаушылар лифтілері Q= 1,15 тн-дан 1.6тн дейін, V= 4м/с дейін
Кабинадан басқару, кабинетті кез келген қабатқа шақыру, кабина жоғары және төмен қозғалған кезде жол-жөнекей шақыруларды орындау	Жүк жолаушылар лифтілері Q= 1,15тн-дан 1.6тн дейін, V= 4м/с дейін
Күндізгі режим: жоғары және төмен қозғалған кезде жол-жөнекей шақыруларды орындай отыра кабинетті берілетін нұсқау бойынша екі бағытқа біркелкі қозғалу	Жүк жолаушылар лифтілері Q= 1,15тн-дан 1.6тн дейін, V= 4м/с дейін
Қарбалас сәттердегі жұмыс режимі	
Таңғы режим (көтерулер «қарбаласы»): кабинеттегі жолаушылардың нұсқауымен басқару: шақыру түймелері, негізгі отырғызу қабатының (бір немесе екі) түймелерінен басқа; жолаушылардан босаған кабина автоматты түрде отырғызу қабатына қайтады	Жүк жолаушылар лифтілері Q=1,15тн-дан 1.6тн дейін, V= 4м/с дейін
Кешкі режим (түсулер «қарбаласы»): кабинеттегі жолаушылардың нұсқауымен басқару: жоғары баратын шақыру түймелері ажыратылған, негізгі отырғызу қабатында босаған кабина автоматты түрде жоғарғы қабаттардың біріне қайтады	Жүк жолаушылар лифтілері Q= 1,15тн-дан 1.6тн дейін, V= 4м/с дейін
Тиеу режимі	
Іске қосу мен жөндеу режимі	

### **4.2.3 Қорытынды жұмыстар**

Іске қосу мен жөндеу жұмыстары (барлық тораптарды реттеу мен баптау) аяқталғаннан кейін қалыпты жұмыс режимінде номиналды жүктемемен лифтіні жаттықтыруды жүргізеді. Жаттықтыру процесінде кабинаның қозғалысы барлық қабаттарды төмен және жоғары тоқтай отыра, сол сияқты шеткі аялдамалар арасындағы транзиттік қозғалыстармен жүзеге асырылуы тиіс. Көрсетілген режимдерде жұмыстарды үздіксіздігі 8-10 минуттан аспауы, циклдар арасындағы үзілістер 2-3 минуттан аспауы тиіс. Жаттықтыру уақыты ішінде барлығы 13-15 қайталанатын цикл орындалуы тиіс. Жатылдыру уақыты барысында лифтінің жұмысқа жарамдылығы, оның тораптары мен тетіктерінің өзара байланысы, тартқы арқанның жұмысы кезінде тербелулер мен шудың болмауы, редуктордан майдың ақпауы және т.б. тексеріледі.

Барлық пайдалану режимдерінде жүктемемен лифтіні жатылдыру және анықталған кемшіліктерді жою аяқталғаннан кейін монтаждау ұйымы жазбаша өтінім бойынша лифтіні толық техникалық куәландырудан өткізу үшін төтенше жағдайлар жөніндегі комитетке, пайдаланушы ұйым және тапсырыс берушіге (иесіне) береді.

Лифтіні пайдалануға беру «Техникалық дайындық және лифтіні қабылдау актісімен» ресімделеді.

### **Жұмыс орындарына қызмет көрсету бойынша жұмыстар**

Күн сайын ауысымның басында және соңында жұмысшылар өз жұмыс орындарына қызмет көрсетеді, атап айтқанда:

- өз жұмыс орындарын дайындайды,
- саймандардағы шығыс материалдарын ауыстырады,
- саймандардың техникалық жай-күйін тексереді,
- ауысым басында және соңында электр энергиясын береді,
- материалдар қалдықтарын контейнерлерге салады.

Әрбір ауысым соңында жұмысшылар жұмыс орындарын жинастырады, саймандарды, құрал-жабдықтар мен пайдаланылмаған материалдарды қоймаға тапсырады.

4.3 Қозғалу жылдамдығы 4 м/с дейінгі жылдам қозғалатын жүк жолаушылар лифтілерін іске қосу мен жөндеу жұмыстарын жүргізудің операциялық картасы 2-кестеде келтірілген.

**2-кесте - Қозғалу жылдамдығы 4 м/с дейінгі жүк жолаушылар лифтілерін іске қосу мен жөндеу жұмыстарын жүргізудің операциялық картасы**

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралы (технологиялық жабдықтау, сайман, мүкәммал, икемдегіш), машиналар, механизмдер және жабдық	Орындаушы	Операцияны сипаттау
1	2	3	4
<b>Дайындық жұмыстары</b>			
Механикалық-монтаждау бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау	Іске қосу жұмыстарына арналған жиынтық	1-санатты инженер (Ин) – 1 адам 5-санатты электр көтергіштерді (лифтілерді) жөндеуші (Н1) – 1 адам; 4-санатты электр көтергіштерді (лифтілерді) жөндеуші (Н2) – 1 адам.	Электрлі лифтілерді жөндеушілер (Н1, Н2) тапсырманы алады, жобалық құжаттаманы, жұмысты жүргізу жобасын және осы технологиялық картаны алады, еңбекті қорғау бойынша мақсатты нұсқаманы өтеді, жұмыс орындарын жұмысқа әзірлейді, қоймадан саймандар мен икемдегіштерді алады. Жабдықтар тізбесі мен жай-күйін жұмыс құжаттамасы мен дайындаушы-зауыттың нұсқаулықтарына сәйкестігін, монтаждаудың дұрыстығы мен орындалған жалғастырулардың сапасын кернеуді бере отырып тексереді.

## 2-кестенің жалғасы

1	2	3	4
<b>Негізгі жұмыстар</b>			
<i>Кабина бойынша жөндеу жұмыстары</i>			
Кабинаның нақты тоқтау датчиктері мен шунттарын монтаждау	Іске қосу жұмыстарына арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Кабинаның нақты тоқтау датчиктері мен шунттарын М12 (2 дана) болттарымен монтаждау пластиналарына уақытша бекітеді. Тура сызықтық пен ара қашықтықты реттегеннен кейін болттарды тарту.
Нақты тоқтау шунттарын реттеу (әрбір аялдамада) (20минут)	Іске қосу жұмыстарына арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Кабина мен отырғызу алаңының табалдырығы бір деңгейде болуы тиіс. Шунттарды зауыт таңбаларына сәйкес датчиктің тік осіне келтіріп қояды. Басқару жәшігіне дейін кабель тартады және электрлік схеманы кабинадағы басқару жәшігіне клемма қатары немесе жалғағыш арқылы қосады.
Кабинаның шамадан артық жүк тиелгені датчигін монтаждау және реттеу	Іске қосу жұмыстарына арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Кабинаны қайта жүктеу датчигін болттармен көрсетілген пластинаға бекітеді, басқару жәшігіне дейін кабель тартады және электрлік схеманы кабинадағы басқару жәшігіне клемма қатары немесе жалғағыш арқылы қосады. Пайдалануға бергенге дейін датчиктің өзін реттеуді жүктермен реттейді. Өлшегіш құрылғыны реттеуді келесі кезеңділікпен орындайды: - кабинаға сынақ жүктерін орнатады, олардың массасы лифтінің номиналды жүктемесінің 110% құрайды; - микроажыратқышты өлшегіш құрылғының істігін басқан кезде өшетіндей етіп реттейді, содан кейін есік ашылады және дыбыстық белгі беріледі; - кабинадан 1-2 жүк шыққаннан кейін ол бұрынғы қалпына қайта келуі тиіс; - есік жабылған және микроажыратқыш ажыратылған кезде 110% жүктеме арқылы есіктің ашылуын және дыбыстық дабылдың болуын тексереді;

## 2-кестенің жалғасы

1	2	3	4
			- микроажыратқыш пен басқыш істіктің түзу сызықтығын тексереді және оларды қосарланған гайкалармен бекітеді; - жоғары жылдамдық режимін реттейді.
Кабинаны жарықтандыру	Іске қосу жұмыстарын а арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Кабинаны жарықтандыру келесі кезектілікпен орындалады; - жарықтандыру кабелін кабинада орналасқан кабинаны басқару жәшігіне дейін төсейді; - жарықтандыру дросселін бекітеді; - лампаларды бекітуді орнатады; - кабинаны жарықтандыру лампасын орнатады және электрлік схемаға сәйкес кабинадағы басқару жәшігіне клемма қатары немесе жалғағыш арқылы қосады.
Кабинаны желдету	Іске қосу жұмыстарын а арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Кабинадағы желдеткішті көзделген орынға болттармен бекітеді, Желдеткіштен кабинаны басқару жәшігіне дейін кабель төсейді, және электрлік схемаға сәйкес кабинадағы басқару жәшігіне клемма қатары немесе жалғағыш арқылы қосады.
Кабинаны ашу мен жабудың соңғы ажыратқышын монтаждау мен реттеу	Іске қосу жұмыстарын а арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Кабинаны ашу мен жабудың соңғы ажыратқышын болттармен көзделген пластинаға бекітеді, кабинадағы басқару жәшігіне дейін кабель төсейді, электрлік схемаға сәйкес кабинадағы басқару жәшігіне клемма қатары немесе жалғағыш арқылы қосады. Кабинаны ашу мен жабудың соңғы ажыратқышындағы датчиктердің өздерін реттеуді дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес орындайды.
Есіктерді іске қосу қозғалтқышының соңғы ажыратқышын монтаждау мен реттеу	Іске қосу жұмыстарын а арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Есіктерді іске қосу қозғалтқышының соңғы ажыратқышын болттармен көзделген пластинаға бекітеді, кабинадағы басқару жәшігіне дейін кабель төсейді, электрлік схемаға сәйкес кабинадағы басқару жәшігіне клемма қатары немесе жалғағыш арқылы қосады. Есіктерді іске қосу қозғалтқышының соңғы ажыратқышындағы датчиктердің өздерін реттеуді дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес орындайды.

## 2-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Кабина есігі қауіпсіздігінің бұру тоспасының соңғы ажыратқышын монтаждау мен реттеу		Ин, Н1, Н2	Кабина есігі қауіпсіздігінің бұру тоспасының соңғы ажыратқышын болттармен көзделген пластинаға бекітеді, кабинадағы басқару жәшігіне дейін кабель төсейді электрлік схемаға сәйкес кабинадағы басқару жәшігіне клемма қатары немесе жалғағыш арқылы қосады. Қауіпсіздік тоспасының соңғы ажыратқышының орналасуын ол кабина есігінің шетінде болатындай және толық жұмыс жүрісіне ие болатындай етіп орналастыру қажет. Реттеуді болтпен (тежеуішпен) орындайды. Кабина есігі жабылған кезде оң және сол бұру қауіпсіздігінің бұру тоспасының арасындағы саңылауды реттейді.
Қорғаныш фотоэлементін монтаждау мен реттеу	Іске қосу жұмыстарына арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Қорғаныш фотоэлементінің берілісі мен қабылдағышын болттардың көмегімен кронштейндерге бекітеді. Беріліс пен қабылдағыштың орнату позициясын көлденеңінен сәйкес келетіндей етіп реттейді және винттермен бекітеді. Электр сымдарын монтаждайды. Электр сымдары шынжырының бағыттаушы кронштейндерін есік жақтауына бекітеді. Фотоэлементтерге келетін кабельдерді электр сымдары кабельдеріне бекітеді, кабельді құрылғының ойығына жалғайды.
Апаттық шығу люкінің шеткі ажыратқышын монтаждау мен реттеу	Іске қосу жұмыстарына арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Апаттық шығу люкінің шеткі ажыратқышын көзделген пластинаға болттармен бекітеді, кабинадағы басқару жәшігіне дейін кабель төсейді, электрлік схемаға сәйкес кабинадағы басқару жәшігіне клемма қатары немесе жалғағыш арқылы қосады. Есіктерді іске қосу қозғалтқышының соңғы ажыратқышындағы датчиктердің өздерін реттеуді дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес орындайды.
Есікті іске қосу құлыбы датчигін монтаждау мен реттеу	Іске қосу жұмыстарына арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Кабина қозғалу барысында есікті іске қосу құлыбын мәжбүрлі ашудан қорғау датчигін көзделген пластинаға болттармен бекітеді, кабинадағы басқару жәшігіне дейін кабельді төсейді, электрлік схемаға сәйкес кабинадағы басқару жәшігіне клемма қатары немесе жалғағыш арқылы қосады. Есіктерді іске қосу құлыбы датчиктерін реттеуді дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес орындайды



## 2-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Аспалы кабельдерді қосу	Іске қосу жұмыстарына арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Тарамдар мен аспалы кабельдер санын және электр сымдарын тексереді; Аспалы кабельді тірек бұрыштарға төсейді және белгілі бір интервалды ұстай отыра бекітеді; Аспалы кабельді кабина төбесіндегі басқару жәшігіне және басқару станциясына электрлік схемаға сәйкес кабинадағы басқару жәшігіне клемма қатары немесе жалғағыш арқылы қосады.
Кабинадағы ажыратқыштарға арналған электр сымдарын монтаждау	Іске қосу жұмыстарына арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Кабинаның төбесіндегі басқару жәшігіне әрбір ажыратқыштан электрлі кабельді тартады; Тірек бұрыштарға барлық кабельдерді орналастырады және оларды белгілі бір интервалды ұстай отыра бекітеді. Әрбір ажыратқыштың кабелінің ойығына кабина төбесіндеші басқару жәшігінің жауап ойығына орнатады.
Трос үзігінің түпкілікті ажыратқышын монтаждау және реттеу	Іске қосу жұмыстарына арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Трос үзігінің түпкілікті ажыратқышын болттармен бекітеді, кабельді кабинадағы басқару жәшігіне дейін төсейді, басқару станциясына электрлік схемаға сәйкес кабинадағы басқару жәшігіне клемма қатары немесе жалғағыш арқылы қосады. Талап етілетін саңылауды дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес орнатады.
Есіктің және бұрудың ажыратқышын реттеу	Іске қосу жұмыстарына арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес тексереді және реттейді: - есіктің бұруы мен ажыратқышы арасындағы саңылау; - көтеріліп келе жатқан роликтің ауысуы ұзындығын; - есікті ажыратқыштың жұмыс жүрісін.
<i>Лифт шахтасының батыңқысындағы жөндеу жұмыстары</i>			
Бөлгіш қорапты монтаждау	Іске қосу жұмыстарына арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Бөлгіш қорапты лифт шахтасының батыңқысындағы қабырғаға бекітеді.
Тоқтату кнопоксын монтаждау	Іске қосу жұмыстарына арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Тоқтату кнопоксын, батыңқыны жарықтандыру розеткасын орнатады, кабельді төсейді және электрлік схемаға сәйкес лифт шахтасының батыңқысындағы бөлу қорабына клемма қатары немесе жалғағыш арқылы қосады.

## 2-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Буферлердің соңғы ажыратқышын монтаждау және реттеу	Іске қосу жұмыстарына арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Орнатылған буферлерге соңғы ажыратқыштарды орнатады, кабельді төсейді және электрлік схемаға сәйкес лифт шахтасының батыңқысындағы бөлу қорабына клемма қатары немесе жалғағыш арқылы қосады. Буферлердің соңғы ажыратқышындағы датчиктердің өзін реттеуді дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес орындайды
Тартқыш құрылғының соңғы ажыратқышын монтаждау және реттеу	Іске қосу жұмыстарына арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Жылдамдықты шектегіштің тартқыш құрылғысына соңғы ажыратқышты орнатады, кабельді төсейді және электрлік схемаға сәйкес лифт шахтасының батыңқысындағы бөлу қорабына клемма қатары немесе жалғағыш арқылы қосады. Тартқыш құрылғының соңғы ажыратқышындағы датчиктердің өзін реттеуді дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес орындайды.
<i>Машиналық үй-жайдың жабдығын жөндеу жұмыстары</i>			
Жылдамдықты шектегіштің соңғы ажыратқышын монтаждау және реттеу	Іске қосу жұмыстарына арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Жылдамдық шектегіштің соңғы ажыратқышының взводтық құрылғысын болттармен бекітеді, кабельді кабинадағы басқару жәшігіне дейін төсейді, электрлік схемаға сәйкес лифт шахтасының батыңқысындағы бөлу қорабына клемма қатары немесе жалғағыш арқылы қосады. Жылдамдық шектегіштің датчиктерінің өзін реттеуді дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес орындайды.
Жылдамдық шектегіштің (машинкасыз) соңғы ажыратқышының взводтық құрылғысын монтаждау	Іске қосу жұмыстарына арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Жылдамдық шектегіштің соңғы ажыратқышының взводтық құрылғысын болттармен бекітеді, кабельді кабинадағы басқару жәшігіне дейін төсейді, электрлік схемаға сәйкес лифт шахтасының батыңқысындағы бөлу қорабына клемма қатары немесе жалғағыш арқылы қосады. Жылдамдық шектегіштің датчиктерінің өзін реттеуді дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес орындайды.

## 2-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Жылдамдық шектегіштің соңғы ажыратқышының жұдырықшасының взводтық құрылғысын монтаждау (машинкасыз)	Іске қосу жұмыстарына арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Жылдамдық шектегіштің соңғы ажыратқышының жұдырықшасының взводтық құрылғысын болттармен бекітеді, кабельді кабинадағы басқару жәшігіне дейін төсейді, электрлік схемаға сәйкес басқару станциясындағы клемма қатары немесе жалғағыш арқылы қосады. Жылдамдық шектегіштің соңғы ажыратқышының жұдырықшасының взводтық құрылғысындағы датчиктерінің өзін реттеуді дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес орындайды.
<i>Лифт шахтасындағы жөндеу жұмыстары</i>			
Кабинаны баяулату режимінің соңғы ажыратқыштарын реттеу	Іске қосу жұмыстарына арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Жоғарғы және төменгі соңғы ажыратқыштар және шекті жоғарғы және төменгі соңғы ажыратқыштар реттеледі. Дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес функционалды ажыратқыштар тексеріледі. Дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес кабинаны баяулату режимінің ажыратқышы реттеледі.
<i>Қабаттардағы жөндеу жұмыстары</i>			
Қабаттардағы индикторлы (шақыру) аппараттарын монтаждау, іске қосу және бағдарламалау (әрбір аялдамада 20 мин)	Іске қосу жұмыстарына арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Шақыру аппараттарының қабат панельдерін орнатады, оның орналасу жағдайын реттейді, аспалы кабель стоягіне қосады. Қабаттардағы шақыру аппараттарын бағдарламалайды.

## 2-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Қабаттардағы есіктер құлыбын реттеу (әр аялдамада 20 мин)	Іске қосу жұмыстарына арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Кабинаны жоғары және төмен ауыстыра отыра, отырғызу кабинасының табалдырығы мен замок ролигінің арасындағы арақашықтықты әзірлеуші-зауыттың нұсқаулығына сәйкес реттейді. Қабаттардағы есіктердің өздерінің ашылу және жабылуын реттейді;
<i>Кабина мен қарсы күштің теңдестіруін реттеу</i>			
Кабина мен қарсы күштің теңдестіруін реттеу	Іске қосу жұмыстарына арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Кабина мен қарсы күштің теңдестіруін төмендегі түрде орындайды: - кабинаға салмағы лифтінің номиналды жүктемесінің 50 % құрайтын сынақ жүгін орнатады; - кабинаны аз жылдамдықпен тестілік режимге аударады және оны қарсы күшпен қиылысу нүктесінде тоқтатады; - кабинаның сыртында тұрып шахта есігін және кабина есігін жабады; - тепе-теңдік күйін тексереді. Тексеру нәтижелері бойынша теңдестіру жүгін қосады немесе азайтады.
<i>Басқару станциясын тестілік тексеру</i>			
Басқару станциясын бағдарламалау	Іске қосу жұмыстарына арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Шахтаны оқу бағдарламасы беріледі, атап айтқанда: а) әрбір қабаттағы шунттар арасындағы қашықтықты есептеу, б) шахтаның биіктігін санау, в) жылдамдықты шектеуді баяулатудың төменгі ажыратуынан жылдамдықты шектеуді баяулатудың жоғарғы ажыратуы арасындағы қашықтықты есептеу.

## 2-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Сервиз орындық берген қателерді түзету	Іске қосу жұмыстарына арналған жиынтық	Ин, Н1, Н2	Берілген өлшемдер сәйкес келмеген ретте «сервиз-стул» қателік нөмірін береді. Қателік нөмірін алғаннан кейін жөндеуші лифт кабинетінде тұрып әрбір қабатқа тоқтай отыра жоғарыдан төменге, содан кейін төменнен жоғарыға жүріп өтеді, бұл ретте кабина табалдырығы биіктігі белгісі мен қабат биіктігі белгісі арасындағы алшақтықтарды жазып алады. Жөндеуші кабинеттің үстіне шығып және лифтіні «ревизия» режиміне қоса отыра басқару пульті арқылы жазып берілген өлшемдерге сәйкес дәл тоқтаудың шунтын реттеуді жүргізеді. Дәл тоқтаудың шунтын реттегеннен кейін «сервиз-стул» қалыпты жұмыс туралы есеп бергенге дейін «қалыпты» режимде шахтаны оқу бағдарламасы іске қосылады..
<b>Қорытынды жұмыстар</b>			
Лифтіні қосу,	Іске қосу жұмыстарына арналған жиынтық	Ин, Н1,Н2	Іске қосу мен жөндеу жұмыстары (барлық тораптарды реттеу мен баптау) аяқталғаннан кейін қалыпты жұмыс режимінде номиналды жүктемемен лифтіні жаттықтыруды жүргізеді. Жаттықтыру процесінде кабинеттің қозғалысы барлық қабаттарды төмен және жоғары тоқтай отыра, сол сияқты шеткі аялдамалар арасындағы транзиттік қозғалыстармен жүзеге асырылуы тиіс. Көрсетілген режимдерде жұмыстарды үздіксіздігі 8-10 минуттан аспауы, циклдар арасындағы үзілістер 2-3 минуттан аспауы тиіс. Жаттықтыру уақыты ішінде барлығы 13-15 қайталанатын цикл орындалуы тиіс. Жатылдыру уақыты барысында лифтінің жұмысқа жарамдылығы, оның тораптары мен тетіктерінің өзара байланысы, тартқы арқанның жұмысы кезінде тербелулер мен шудың болмауы, редуктордан майдың ақпауы және т.б. тексеріледі..

## 2-кестенің соңы

1	2	3	4
<b>Жұмыс орнына қызмет көрсету бойынша жұмыстар</b>			
Жұмыс орнына қызмет көрсету	Іске қосу жұмыстарына арналған жиынтық	Н1,Н2	<p>Н1,Н2 күн сайын өз жұмыс орындарына қызмет көрсетеді, атап айтқанда:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- өз жұмыс орындарын жұмысқа дайындау;</li> <li>- саймандардағы шығыс материалдарын ауыстыру;</li> <li>- саймандардың техникалық жай-күйін тексеру;</li> <li>- ауысым басында және соңында электр энергиясын беру</li> <li>- материалдар қалдықтарын контейнерлерге салу;</li> <li>- оларды қоймадағы жауапты тұлғаға тапсыру,</li> <li>- өз жұмыс орындарын жинастыру.</li> </ul>

## 5 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік

5.1 Жүк жолаушы лифтілерін іске қосу мен жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде пайдаланылатын материалдар шығыны дайындаушы зауыт жабдығының ерекшеліктері бойынша қабылданады.

5.2. Жүк жолаушы лифтілерін іске қосу мен жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде қажетті машиналар, тетіктер, жабдықтар, технологиялық жарақтар, саймандар, мүкәммалар тізбесі 3-кестеде келтірілген.

### 3-кесте. Жабдықтардың, сайманның, мүкәммалар мен икемдегіштердің тізбесі

р/с №	Атауы	Мақсаты	Негізгі техникалық сипаттамалары	Зvenoға (бригадаға) саны, дана
<b>2-3 адамнан құралған звеноларға арналған саймандар жиынтығы</b>				
1	Электр-перфоратор	Бетонға тесік бұрғылау	Қуаттылығы – 550 Вт Айналымдар саны 1300 ай/мин	1
2	Бұрыштық-тегістегіш машина	Кесу және тегістеу	Қуаттылығы – 550 Вт Айналымдар саны 1300 ай/мин	1
3	Электр бұрғы	Тесік бұрғылау	Қуаттылығы – 550 Вт Айналымдар саны 1300 ай/мин	1
4	Электр дәнекерлеуші	Жалғағышты дәнекерлеу		1
5	Қол тістеуіктер	Жабдықтарды құрастыру	-	3
6	Диэлектрлі бұрандалар жинағы	Сымдарды клеммаларға жалғау	14 мм × 250 мм 1000 Вт	3
7	Слесарь балғасы	Жабдықтарды құрастыру	Масса 0,36 кг	2
9	Гайкалық кілттер жиыны	Жабдықтарды құрастыру	-	1
10	Тістеуік	Жабдықтарды құрастыру	-	3
11	Бұрғылар жиыны	Тесіктерді бұрғылау	-	Әрбір диаметрге 4 данадан
12	Бұрандама қысқыш	Детальдарды бекіту құралы	-	2

## 3-кестенің жалғасы

р/с №	Атауы	Мақсаты	Негізгі техникалық сипаттамалары	Звеноға (бригадаға) саны, дана
13	Егеу жиынтығы	Детальдарды жону	-	1
14	Қылауық жиынтығы	Детальдарды жону	-	1
15	Монтаждау пышағы		-	2
16	Маркер	Таңбалау	-	2
17	Құрылыс каскасы	Қорғаныш құралы	-	Звеноның әрбір мүшесіне
18	Арнайы киім (м/м костюм немесе комбинезон)	Қорғаныш құралы	-	Звеноның әрбір мүшесіне
19	Төменгі температурадан қорғайтын куртка	Қорғаныш құралы	-	Звеноның әрбір мүшесіне
20	Диэлектрлі қолғаптар	Қорғаныш құралы	-	Звеноның әрбір мүшесіне
21	Беттік қорғаныш қалқандары	Қорғаныш құралы	-	Звеноның әрбір мүшесіне
22	Аяқ киім	Қорғаныш құралы	-	Звеноның әрбір мүшесіне
23	Дәріхана қобдишасы	Қорғаныш құралы	-	1
24	Өрт сөндіргіш	Қорғаныш құралы	Жұмыс температурасының диапазоны -40°С-тан +50°С дейін Өлшемдері, 490 мм × 220 мм × 420 мм	ЖЖЖ бойынша
<b>Икемдегіштер мен жарақтар жиыны</b>				
1	Баспалдақ	Төсеніш құралы	-	2
2	Төсеніш	Төсеніш құралы	-	жиынтық
